

**Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі жоғары
консультативтік кеңесінің мәселелері**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 21 желтоқсан N 1428. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі туралы" 1994 жылғы 6-желтоқсандағы N 1979 U941979_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының құрамында құрылымдық бөлімше құқындағы Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі аппараты қ ұ р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі төрағасының басқа қызметтен босатылған орынбасары ақы төлеу, медициналық, тұрмыстық қамтамасыз ету және көлік қызметін көрсету жағдайы жөнінде республика министріне, ал жауапты хатшы-Кеңес аппаратының басшысы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының бөлім меңгерушісіне теңестірілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі аппаратын ұстауға 1994 жылдың соңына дейін қажетті қаражат бөлетін болсын және оны республиканың мемлекеттік басқару органдары бойынша 1995 жылғы арналған бюджетте қарастырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 21 желтоқсандағы
N 1428 қаулысына

Қосымша
Қазақстан Республикасының Ғылым және техника
жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі
аппараты лауазымдарының

ТІЗБЕСІ МЕН САНЫ

Лауазым атауы	Бірлік саны
Кеңес төрағасының басқа қызметтен босатылған орынбасары	1
Кеңестің жауапты хатшысы-аппараты басшысы	1
Консультанттар	5
Аға маман	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК